

## Облыстық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын ұйым жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемеақыларын белгілеу туралы

Жамбыл облысы мәслихатының 2026 жылғы 1 сәуірдегі № 32-10 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйым қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысының 5-тармағы 3) тармақшасына сәйкес Жамбыл облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жергілікті атқарушы орган айқындайтын тәртіппен Жамбыл облысы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы басқармасының "Жамбыл Бас Жоспары" зерттеу-жобалау дамыту институты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің облыстық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын жұмыскерлеріне лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемеақылары осы шешімнің қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыстық мәслихаттың төрағасы*

*А. Нұралиев*

Жамбыл облыстық мәслихатының  
2026 жылғы 1 сәуірдегі  
№ 32-10 шешіміне қосымша

**Жамбыл облысы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы басқармасының "Жамбыл Бас Жоспары" зерттеу-жобалау дамыту институты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің облыстық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемеақылары**

№ р/с	Лауазымдардың толық жазылуы (атауы)	Бірлік саны	Лауазымдық жалақыға үстемақы мөлшері
1	2	3	4
1.	Директор	1	50%
2.	Директордың орынбасары	1	50%
3.	Бөлім басшысы	5	50%
4.	Бухгалтер-экономист	1	50%
5.	Кадр ісі жөніндегі инспектор	1	50%
6.	Іс-жүргізуші	1	50%

7.	ІТ маманы	1	50%
8.	Жүргізуші	1	50%
9.	Сәулетші	3	50%
10.	Сәулетші-жобалаушы	1	50%
11.	Суретші-дизайнер	1	50%
12.	Графикалық - дизайнер	2	50%
13.	Сызбашы	1	50%
14.	Ландшафт дизайнері	1	50%
15.	Ландшафт сәулетшісі	1	50%
16.	Ландшафті сәулеттің суретші-конструкторы	1	50%
17.	Интерьер дизайнері	1	50%
18.	Урбанист	1	50%
19.	Қ а л а л ы қ жоспарлаушы-ГИС аналитик	1	50%
20.	Дендролог	1	50%
21.	Экологиялық урбанист	1	50%
22.	Инженер-жобалаушы	1	50%
23.	Инженер-сметашы	1	50%
24.	Техникалық қадағалаушы	1	50%
25.	Жобаның бас инженері	1	50%
26.	Гидротехник	1	50%
27.	SMM-менеджер (Әлеуметтік желі менеджері)	1	50%
28.	Жарнама аналитигі	1	50%
Барлығы: 35 қызметкер			

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК